КОРДАЙ
ҚОРДАЙ ШАМШЫРАҒЫ
КОРДАЙСКИЙ МАЯК
1932 жылдың қазан айынан бастап шығады
АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
СӘРСЕНБІ 24 МАУСЫМ 2020 ЖЫЛ №51 (2908)

## ӨҢІР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# АДАМДАР ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАМАЙДЫ

### Б.САПАРБАЕВ COVID-19 АУРУЫНЫҢ КӨБЕЮІНЕ ҚАТЫСТЫ ОЙЫН БІЛДІРДІ

**Бейсенбі күні Жамбыл облысы бойынша жедел штабтың кезекті отырысы өтіп, онда эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру шаралары талқыланды. Өзін-өзі оқшаулау режиміндегі аймақ басшысы Бердібек Сапарбаев басқосуға онлайн байланыс арқылы қатысып отырды.**

Б.Сапарбаев соңғы кездері инфекцияның таралу жағдайының нашарлап жатқанына, тұрғындардың жауапсыздығынан тіркелген оқиғалар саны өсіп отырғанына алаңдаушылық танытып, карантиндік және профилактикалық шараларды күшейту қажеттігіне назар аударды.

***- 18 маусымдағы жағдай бойынша облыста 524 науқас тіркелген, оның 313-і Тараз қаласында. Қордай және Байзақ аудандарында да жағдай күрделі. Адамдар қауіпсіздік шараларына немқұрайды қарағандықтан, көрсеткіш өсіп отыр. Көптеген дүкендер мен супермаркеттер арақашықтықтың сақталуын және жеке қорғаныс құралдарының болуын бақыламайды. Адамдар шектеу шараларына қарамай, көп шоғырланып, отбасылық мерекелер ұйымдастыруда***, - деді ол.

Жамбыл облысының бас санитарлық дәрігері Ғазиз Надуев те өз баяндамасында жағдайлардың азаймай отырғандығын растады. Оның айтуынша соңғы аптада 139 оқиға тіркелсе, оның 77-і симптомсыз.

***- Өткен аптамен салыстырғанда сырқаттанушылық деңгейі 1,3 есе өсіп отыр. Тараз қаласы мен Қордай ауданында аурудың 99 жағдайы тіркелді, бұл облыстағы жалпы аурудың 71,2 пайызын құрайды. 20 жастан 59 жасқа дейінгі ересек тұрғындар жалпы жағдайдың 73,2 пайызын құрайды. Менің ойымша, азаматтарды жоспарлы емдеуге жатқызуды тоқтата тұру, коронавирустық инфекциямен ауыратын науқастарға арналған стационарды қарастыру және түсіндіру жұмыстарына елге белгілі тұлғаларды тарту қажет***, - деп атап өтті ол.

Сондай-ақ, ол өткен соңғы айда мемлекеттік шекарадағы бес өткізу пункті арқылы Жамбыл облысына 12899 жүргізуші мен 1727 жаяу жүргіншінің кіргенін, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету үшін келгендердің барлығы медициналық тексеруден өткенін айтты.

Экспресс-тестілеу әдісі олардың 8-і инфекция жұқтырғанын көрсетсе, ПТР талдауы арқылы тағы сегізінде оң нәтиже көрсеткен.

Бүгінгі таңда облыста 53 мониторинг тобы жұмыс істеуде. Олар объектілердің карантиндік іс-шаралар талаптарына сәйкес жұмыстарды қайта бастауға дайындығын, сондай-ақ дайындық сертификатын алған объектілердің қызметін бақылауда.

2 →

## ЖҰМЫС САПАРЫ

# САПА МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУДА

**Сенбі күні ауданымызға Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Ұлан Жазылбек іссапармен келіп, ауылдардағы бірнеше құрылыс нысандарын аралап, қолға алынған жұмыстардың барысымен танысты.**

Бірінші кезекте Ұлан Еркінұлы Қордай ауданы әкімінің орынбасары Ерлан Орынбаевпен бірге Гвардейский қалашығындағы ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институты жанындағы вакцина шығаратын биофармацевтикалық зауытының құрылысымен танысты. Күні кеше Үкімет басшысы Асқар Мамин іргетасын қалап кеткен зауыттың құрылысы қарқынды жүруде. Ұлан Жазылбек құрылыс алаңында мердігерлермен кездесіп, олардың алдында өте жауапты іс тұрғанын ескертті. Себебі мұнда бүкіл әлемді дүрліктірген коронавирус инфекциясына қарсы вакцина әзірленбек. Облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде жаңадан салынып жатқан бұл зауыттың халықтың денсаулығын сақтау жолында алар орны жоғары екенін және құрылыс жұмыстарын мерзімінде әрі сапалы аяқтау қажеттігін атап өтті.

2 →

## ТАҒАЙЫНДАУ



Қордай ауданы әкімінің 2020 жылғы 22 маусымдағы №153ө-ж/қ өкімімен **ЖАСЫБАЕВА РАЯ ТҰРҒАНҚЫЗЫ** Жамбыл облысы Қордай ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы болып тағайындалды.

Жасыбаева Рая Тұрғанқызы, 1963 жылы 1 қаңтарда Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қарасу ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

1988 жылы Скрябин атындағы Қырғыз ауыл шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша аяқтап, еңбек жолын 1980 жылы «Искра Ленина» колхозында кіші экономист болып бастаған. 1985-1995 жылдары «Искра Ленина» колхозында бухгалтер, экономист, 1995-1996 жылдары «Өтеген» ШҚ бухгалтер, 1996-1999 жылдары «Өтеген» кооперативінде бухгалтер, 1999-2004 жылдары «Қызмет МТС» ЖШС есепші, 2004-2020 жылдары Қарасу ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметтерін атқарған.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# Қызылша алқаптарында жұмыс қызу



**Елімізде ауыл шаруашылығын дамыту, оның ішінде қант қызылшасы өндірісін жандандыру мақсатындағы жұмыстардың ауқымы жыл өте кеңейіп келеді. Осы ретте отандық тұқым шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесімен қатар «тәтті түбір» өсіру ісіне де аса ден қойылған.**

Айта кетсек, бұл мәселе қант өндірісін дамытудың 2018-2027 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру тұжырымдамасында айқындалған. Осыған орай, ауданда қызылша шаруашылығын жандандыру және алқап көлемін ұлғайту жөнінде ауқымды іс-шаралар жоспары жасалып, кең көлемде іске асырылуда.

Мәселен, биыл ауданда аталмыш дақыл 500 гектар алқапқа егілсе, Беріктас ауылындағы «Тарылған» шаруа қожалығы алғашқылардың бірі болып он гектар жерге «тәтті түбір» өсіруді қолға алған екен. Ш.Кешербаева басқарып отырған шаруашылық аталмыш дақыл түрін биыл осымен төртінші жыл қатарынан өсіріп келеді. Сәуір айында себілген қызылшаның түбірі қазірдің өзінде қажетті мөлшеріне жетіпті. Шаруашылық алқабына су «Қақпатас» су қоймасынан жетіп, арықтар арқылы суғарылады.

Қант қызылшасын өсіру оңай іс емес екені анық. Десе де, шаруалар білек сыбана іске кірісіп, дайындық жұмыстарын алдын ала жүргізеді. Мысалы, күзде судігер көтеріліп, минералды тыңайтқыштар шашылып, жер айдалады. Ал, ерте көктемде диқандар топырақты қопсыту, тегістеу, тырмалау және себу жұмыстарын, одан кейін өнген дақылды күтіп-баптау жұмыстарын жүргізеді. Қазіргі таңда агроқұрылым жұмысшылары қызылшаның түбірін пайдалы фосфор аралас азоттық тыңайтқыштармен қоректендіруде.

«Тарылған» шаруа қожалығының өкілі И.Кешербаев ауаның райы қолайлы болған жағдайда жоғары өнімнен үмітті екенін айта келе, жанармай, минералды тыңайтқыш сынды мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің пайдасы мол екенін алға тартты.

**Қанат БІТІКОВ**

## АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

Аудандық мәслихаттың кезекті LXIX сессиясы 2020 жылғы 26 маусымда сағат 10.00-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында төмендегі күн тәртібімен өтетіндігін хабарлайды:

1. 2019 жылғы аудандық бюджеттің атқарылуы туралы есебі.
2. «Жер кадастры-жылжымайтын мүлік техникалық тексеру» департаментінің аудандық бөлімшесінің жұмысы туралы.
3. Аудандық мәслихаттың 2019 жылдың 25 қыркүйегіндегі №56-3 Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі «Ветеринариялық бақылау аумақтық инспекциясы» шешімінің орындалуы туралы.
4. Ауылдық округ әкімдерінің жұмысы туралы (Отар, Ноғайбай).
5. Аудандық пошта байланыс торабының жұмысы туралы.
6. Салық базасын ұлғайту бойынша аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының атқарылған жұмысы туралы.
7. Қордай ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған жоспары.
8. Қордай ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидалары туралы.
9. «Қордай ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы».
10. Әртүрлі мәселелер.

Депутаттарды тіркеу сағат 9.30 - дан басталады.

**Аудандық мәслихат аппараты**

## ӨҢІР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# АДАМДАР ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫН САҚТАМАЙДЫ

### Б.САПАРБАЕВ COVID-19 АУРУЫНЫҢ КӨБЕЮІНЕ ҚАТЫСТЫ ОЙЫН БІЛДІРДІ

←1

Сондай-ақ, Ғазиз Надуев бірқатар өзекті мәселелерді де тілге тиек етті. Солардың қатарында өткізу пункттерінде, ошақтарда жұмыс жасайтын және бақылау топтарына қатысатын санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің кадрларының жетіспеушілігі, жеке зертханалардың нәтижелері үш-төрт күннен кейін ғана дайын болатындығын, бұл шаралардың уақытылы өтуіне кері әсерін тигізетінін атап өтті.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Марат Жұманқұлов сала бойынша сырқаттанушылық деңгейінің өсу динамикасына тоқталды. Айталық, айдың басынан бастап науқас дәрігерлердің саны 23-тен 44-ке дейін, яғни, екі есе өскен. Әскери қызметкерлер арасындағы өсім 6,9 пайызды құрап отыр. Бірақ дертке шалдыққан мұғалімдердің саны 3,3 есе, жүкті әйелдер саны жеті есе ұлғайған. Егер айдың басында үш науқас мұғалім және төрт жүкті нәзік жанды болса, 18 маусымда бұл көрсеткіш тиісінше 10 және 28-ге жеткен.

***- Түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Инфекциямен күрес барысында «103-call-орталығына» 3626 қоңырау келіп түскен. Өңірлік call-орталыққа 888 адам жүгінген. Өңірде 30 санитарлық бекетте 36 медицина қызметкері еңбек етуде. Олар 1712 түсіндірулер өткізіп, 5824 адамды қамтыды. 7150 буклет таратылды,*** - деді Жұманқұлов.

Сондай-ақ, облыстың бас дәрігері КВИ-мен күресу үшін қажетті шараларды атап өтті.

Өз кезегінде Бердібек Сапарбаев қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің, мобильдік топтардың және денсаулық сақтау басқармасының жұмысына көңілі толмайтынын жеткізді.

***- Сіздер нысандарды және демалу орындарын бақылау бойынша жұмыстарды әлсіз атқардыңыздар, тәртіп бұзушыларға ешқандай шаралар қолданылмауда.***

Басқосуда онлайн-режимде Тараз қаласының, Байзақ, Қордай аудандарының және Т.Рысқұлов ауданының әкімдері есеп берді. Өңір басшысы олардан аталған аумақтардағы ауру деңгейінің күрт өсуінің себебін сұрады. Сонымен қатар жақын арада жасалған заң бұзушылықтардың суреттерін көрсетті.

***- Тараз қаласының «Мыңбұлақ» ықшам ауданындағы сауда орындарында халық ағыны қалың. Қала тұрғындары мейрамханада үлкен мерекелер ұйымдастыруда. Ал аудандарда дүкендер дұрыс емес режимде жұмыс істеп отыр. Келушілер арасындағы арақашықтық сақталмайды. Жеке қорғаныс құралдары тек келушілерде ғана емес, қызметкерлердің өздерінде де жоқ. Облыс орталығындағы қоғамдық көліктер де аурудың көбеюіне ықпал етуде. Көптеген жолаушылар бетперде кимейді, ара қашықтықты сақтауға тырыспайды.***

Жамбыл облысы Полиция департаментінің бастығы полиция генерал-майоры Жанат Сүлейменовтің айтуынша, спорт алаңдары мен қоғамдық орындардың ашылуына байланысты адамдар көп қозғала бастаған. Бұл орайда бір амалын қарастырған жөн.

***- Бізге жұмыстың бірыңғай алгоритмін жасау керек. Саябақтар мен алаңдар ашық екенін бәрі біледі, сондықтан бас дәрігердің қаулысындағы жауапкершілікті нақты көрсету керек. Полиция белсенді жұмыс істеуде, біз қауіпті инфекцияның алдын алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз,*** - деді ол.

Кездесу соңында Бердібек Сапарбаев Тараз қаласы мен аудандардың әкімдеріне қызмет көрсету қауіпсіздігі сапасына бақылауды күшейтуді тапсырды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбековке мобильді топтардың жұмысын күшейту жүктелді.

***- Адамдар инфекцияның қауіптілігіне сенбейтіндіктен және қауіпсіздік шараларын сақтамағандықтан, науқастар саны артып отыр. Егер біз жағдайды түзеткіміз келсе, тиісті тұлғалардың жұмысын күшейтіп, азаматтарға әрқайсымыздың мойнымызда үлкен жауапкершілік бар екенін түсіндіруіміз керек,*** - деп қорытындылады Бердібек Сапарбаев.

**Жамбыл облысы әкімінің баспасөз қызметі**

## ЖҰМЫС САПАРЫ

# САПА МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУДА

←1

Осыдан кейін Ұлан Жазылбек Кенен ауылындағы ауыз су жүйесінің құрылысымен танысты. Оны құрылыс басында аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Р.Мадияров қарсы алып, бүгінде 16 шақырымдық су құбырының құрылыс жұмыстары 90 процентке аяқталғанын және де жұмыстар жоспарға сай атқарылып жатқанын баяндады.



Осы күні Ұлан Еркінұлы Ноғайбай ауылдық округіндегі Р.Құнақова атындағы №35 орта мектептің қазандығын салу жұмыстарымен және Қордай ауылында бой көтерген көпқабатты тұрғын үйдің құрылыс жұмыстарымен танысып, мердігерлермен кездесіп, анықталған кемшіліктер бойынша жауапты тұлғаларға тиісті тапсырма жүктеді.

Облыс әкімінің орынбасары Ұлан Жазылбектің жұмыс сапары түс ауа Сортөбе ауылында жалғасып, «колхоз» аймағында магистральды газ құбырын салу мәселелері бойынша штаб отырысы өтті. Аудан әкімінің орынбасары Ерлан Орынбаев атқарылып жатқан жұмыстар мен мердігер ұйымдардың өкілдерімен қарым-қатынас және туындаған мәселелерді бірлесіп шешу жөніндегі жұмыстарды баяндады.

Мамандардың айтуынша, 73 шақырымдық жоғары қысымды газ құбыры құрылысының жобасын облыс әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы әзірлеген және екі бөліктен тұрады, олардың жалпы есептік құны 5,7 млрд. теңгені құрайды. Бірінші кезеңді іске асыру жалпы құны шамамен 2 миллиард теңге болатын 31 шақырым жоғары қысымды газ құбырын салуды көздейді. Бұл қаражат мемлекеттік бюджеттен бөлінетін болады. Ұзындығы 42 шақырым газ құбыры құрылысының екінші кезеңі инвестициялық бағдарлама есебінен «ҚазТрансГаз» АҚ күшімен жүзеге асырылады. Жобаның екінші кезеңінің құны 3,7 млрд. теңгені құрайды. Екінші кезең өткізу қабілетін арттыра отырып, «Қордай» АГРС-ін қайта құруды қамтиды. Мердігер ұйымдарға жұмыстарды 1 қыркүйекке аяқтау міндеттелген.

Газ құбыры құрылысының арқасында 5282 тұрғын үй, мектептер, балабақшалар мен ауруханалар, кәсіпкерлік нысандар сынды 274 әлеуметтік инфрақұрылым нысаны табиғи газбен қамтамасыз етіледі деп жоспарлануда. Жалпы алғанда 50 мыңға жуық адам көгілдір отынға қол жеткізеді.

Қордай ауданын 2024 жылға қарай көгілдір отынға толығымен қосу жоспарланып отыр.

## САЙЛАУ

# ТАҢДАУ ЖАСАЛДЫ



22 маусым күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында Алға, Ауқатты, Масанчи ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті.

Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының талаптарына сай, аудандық мәслихат депутаттары жасырын дауыс беру арқылы өз кандидатуралары ұсынған азаматтардың арасынан аталмыш лауазымға лайықты үміткерді таңдаулары тиіс. Барлық кандидаттар аталған ауылдардың жергілікті қауымдастық өкілдерімен келісіліп, аудан әкімі тарапынан ұсынылған. Айта кетсек, әр округтен үш адамнан тіркелген. Мысалы, Алға ауылдық округі әкімінің лауазымына өз кандидатураларын Берік Абильдаев, Әсия Естаева, Ахат Мықышев ұсынса, Ауқатты ауылдық округі әкімінің лауазымына кандидат ретінде Бірлік Манкеев, Гүлзира Нуркеева, Інкәр Шуишибекова тіркелген. Ал, Масанчи ауылдық округі әкімінің лауазымана өз кандидатураларын Ғабит Қарасартов, Нұрлан Мади, Рамазан Малиев ұсынған. Сайлау кабинкасына бірінші болып аудандық мәслихат хатшысы Руслан Нұрсипатов келіп, дауыс беру жөшігіне алғашқы бюллетеньді салды.

Жасырын дауыс беру нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, Алға ауылдық округінің әкімі ретінде Берік Әбілдаев, Масанчи ауылдық округінің әкімі ретінде Рамазан Малиев, Ауқатты ауылдық округінің әкімі болып Бірлік Манкеев сайланды.

## СЕССИЯ

# ТИІСТІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ

23 маусым күні аудандық мәслихат сессиясы өтіп, оған аудандық мәслихат хатшысы Руслан Нұрсипатов, аудан әкімінің орынбасарлары, мекеме басшылары және депутаттар қатысты.

Сессия барысында Қордай ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуге арналған арнайы орындарды белгілеу, оларды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды айқындау жөніндегі мәселелер қаралды. Бұл бойынша аудан әкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмысы бөлімшесінің басшысы Ердос Тоқтағұлов ақпарат ұсынды.

Сессияның күн тәртібіне енгізілген Қордай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 наурыздағы №29-9 «Қордай ауданы бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің, мөлшерін белгілеудің мұқтаж азаматтардың жекеленген санаттарының тізімін айқындаудың ережесін бекіту туралы» шешіміне қосымша енгізу туралы және «Қордай ауданы бойынша аз қамтылған отбасыларға тұрғын үй көмек көрсету ережелерін бекіту туралы» сұрақ бойынша аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Айгүл Заурбаева баяндама жасады.

Сессия барысында Д.Коноваловтың депутаттық өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату туралы арызына байланысты аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ұсынысы қаралып, оның өкілеттігі тоқтатылды.

Сонымен бірге депутаттар бірқатар аудандық ведомствоаралық сипаттағы комиссия құрамдарын бекітіп, бұрын қабылданған шешімдерге өзгеріс енгізді.

Барлық қаралған сұрақтар бойынша тиісті шешім қабылданып, келесі аудандық мәслихат сессиясының төрағасы ретінде депутат Б.Әлімбет сайланды.

## ҰБТ

# Тестілеу талапқа сай өтуде



**22 маусым күні Қордай ауданында бірыңғай ұлттық тестілеу басталды. 25 маусымға дейін жалғасатын ҰБТ-ға аудан бойынша бас-аяғы 518 оқушы қатыспақ.**

Тестілеудің алғашқы екі күні жоспарға сай өтті. Балалар мектептен алған білімінің арқасында барын сала алдарына келген сұрақтарға жауап беруге тырысып бақты. Дейтұрғанымен, тестілеуге тыйым салынған заттарды өздерімен алып өтпек болған 3 оқушы ереже бұзып, сынаққа жіберілген жоқ. Мұнымен қатар, тестілеудің екінші легінде ереже бұзған екі мектеп бітірушісі анықталып, олар да сынақтан шеттетілді.

Нақтырақ айтсақ, алғашқы лекте №5,10,12,16,18,19,20,22 ,24,32,34,35,38,39,50 орта мектеп оқушылары бақтарын сынап көрді. Бұл күнгі тестілеуге 126 түлек қатысады деп жоспарланып, іс жүзінде 124 оқушы қатысты.

23 маусым күні ҰБТ-ға №2,7,21,26,31,41,48 мектеп түлектері қатысты. Бұл күні жоспарланған 134 қатысушының алтауы тестілеуге қатыспады.

Келесі кезекте тестілеуді №1,4,9,17,29,51 ОМ оқушылары тапсырса, төртінші лекке №3,13,14,27,42,43 ОМ түлектері дайындалуда.

Биыл мектеп бітірушілер үшін санитарлық-гигиеналық талаптарға қатысты барлық қажетті жағдай жасалған. Оқушылар залалсыздандыру дәлізі, аяқ-киімдерін өңдеу, дене қызуын өлшеу, қолдарын залалсыздандыру, медициналық бетперде кию сынды дезинфекция шараларының бес кезеңінен өтті. Тестілеуге қатысатындар саны бір аудиторияда 30-дан 12-ге дейін қысқартылған. Онда балалар бір бірінен 2 метр арақашықтықта жайғастырылды. Бөлмелер желдетіліп, бактерицидтік заттармен өңделген.

Атап өтсек, биылғы жылы алғаш рет Face ID жүйесі іске қосылып, тест тапсырушылар жазбаша түрде (қол қойып) тыйым салынған заттары жоқ екенін растады.

**Л. ДОСЕМБЕКОВА**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

# АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

**23 маусым күні Қазақстанның мемлекеттік қызметшілері төл мерекелерін атап өтті. Заманауи мемлекеттік қызметші дегеніміз білікті де дарынды ұйымдастырушы, түрлі саланы жетік меңгерген адам екені баршаға аян. Мемлекеттік қызметші қоғамға маңызы бар мәселелерді шешуге атсалысатын болғандықтан, ол қызмет барысында қабылдаған әрбір шешімі үшін жауапты. Сол себепті бұл батылдық пен зор жауапкершілікті, төзімділік пен әділдікті талап ететін қызмет. Осыған орай, біз айтулы мереке қарсаңында аталмыш салада 15 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келе жатқан мемлекеттік қызметшілер арасында сауалнама жүргізіп, олар үшін мемлекеттік қызметтің мән-маңызы, жетістіктері жайында аз-кем сұрап білдік.**

## Жүсіпбек СПАНОВ, Степной ауылдық округінің әкімі:




Мемлекеттік қызметші болу мен үшін үлкен абырой, себебі мен мұны еліміздің, туған жеріміздің, қала берді Отанымыздың игілігі үшін атқарылған еңбек деп білемін. Менің жұмысым үлкен жауапкершілікті талап ететініне қарамастан мен оны бар жан-тәніммен атқарамын. Бүгін менің қарамағымда Арал, Степной, Қалғұты ауылдары бар. Ауыл тұрғындары жеке бастың мәселесінен бастап, округке ортақ мәселелерге дейін арқалап келеді. Менің міндетім – әрбір тұрғынның талап-тілегін, арызшағымын ескерусіз қалдырмай, шама-шарқым жеткенше заң аясында сұрақтарына жауап беру, қолдауға зәру азаматтарға барынша көмек қолын созу. Әрине, қай жұмыста болмасын қиындық деген дүние болады. Алайда, мен ондай күрмеуі қиын мәселелерді ұжымыммен, тұрғындармен бірлесе шешуге тырысамын.

Біреуге таң болатын шығар, бірақ мен жұмысқа күнделікті зор құлшыныспен, сүйіспеншілікпен келемін. Мен екінші отбасымдай болып кеткен әріптестеріммен бірге белгілі бір белестерді бағындырып, әрбір алға басқан ісіміз үшін қуанамын. Біз бір бағытта бірлесе қадам басамыз. Меніңше жұмысты адал атқарудан, өзара сыйластықтан асқан ештеңе жоқ.

Тәуелсіздік алғалы еліміз дамудың даңғыл жолына түсіп, талай белестерді бағындырды. Степной ауылдық округі әкімдігінің ұжымы ауданымыздың, мемлекетіміздің дамуына үлес қосып жатқанына қуанамын. Мен үшін жұмысты абыроймен атқарудан, әріптестерді, ауылдастарды қолдаудан, туған ауылымыздың бір бөлігі болудан артық қуаныш жоқ.

Әріптестерімді кәсіби мереке Мемлекеттік қызметшілер күнімен құттықтап, еліміздің өркендеу жолында атқарған жұмыстарына табыс, зор денсаулық тілеймін!



## Анар МЕЙІРХАНОВА, Отар ауылдық округі әкімінің орынбасары:

Билікке деген сенім мемлекеттік қызметшіден басталады. Мемлекеттік қызметші адал және әділ болуы тиіс. Сондай-ақ, ол заманауи қоғамның талабына икемділік танытып, тез бейімделуі шарт. Жалпы, мемлекеттік қызметші жұмысының сапасы марапатпен емес, қоғамға пайдалы нәтижемен бағаланады. Сонымен бірге, бұл салада белсенді өмірлік ұстаным, жауапкершілік пен жинақылық қажет, ал ең бастысы патриот болу қажет. Жеке басым мемлекеттік қызметке 16 жыл бұрын келдім. Мемлекеттік қызмет мен үшін уақытша әлеуметтік жұмысшы қызметінен басталған. Бұл салада мен тәжірибе жинақтап, жергілікті атқарушы органдардың негізгі міндетін түсінуге мүмкіндік алдым. Жұмысым көзге түсіп, маған әскери есеп үстелінің жетекші маманы болу бақыты бұйырды. Содан кейін бас маман ретінде аудандық мәдениет бөлімінде қызмет атқардым. Қазіргі таңда Отар ауылдық округі әкімінің орынбасарымын. Мен үшін мемлекеттік қызметте болу зор абырой. Себебі мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асуына және тәуелсіз Қазақстанның дамуына атсалысып келемін.

## Наталья ПОПЛАВСКАЯ, Қордай ауылдық округі әкімдігінің бас маманы:



-Мен мемлекеттік қызметте 26 жыл бойы жұмыс атқарып келгенімді мақтан тұтамын. Бұл қызметке 1994 жылы әскери есеп үстелінің инспекторы болып келгенмін, 6 айдан кейін әскери есеп үстелінің бастығы болдым. Екі жылдан кейін салық жинау бөліміне ауыстым. Менің жұмысым жауапкершілікті, ұқыптылықты, ықыластылықты, мұқияттылықты талап етеді. Осы талаптарға сай болуға тырысамын. Менің ойымша әр адам өз жұмысын сүйіспеншілікпен әрі адал атқаруы тиіс. Сонда ғана жұмыс нәтижелі болмақ.

Әріптестерімді төл мерекелерімен құттықтап зор денсаулық, жұмыстарына табыс тілеймін!



## Марина БОЛГОВА, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы:

-Мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілім 25 жылды құрайды. Осы жылдар аралығында мен мемлекеттік қызмет деңгейінің айтарлықтай жоғарылап, жаңа белеске көтерілгенін байқап келемін. Әрине, бұл заман талабына сай табиғи құбылыс. Бүгінде мен жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманымын. Өз жұмысымды жақсы көремін. Бұл оңай сала емес, оның үстіне біздің саламызға қатысты заңнама жиі өзгеріп тұрады. Барлық өзгерістен дер кезінде хабардар болуың керек. Тұрғындар тарапынан түскен арыздар мен өтініштер бойынша заң аясында көмек көрсетуге тырысамыз. Себебі мемлекеттік қызметтің басты мақсаты – елдің игілігіне қызмет ету. Әріптестерімді төл мерекелерімен құттықтаймын, еңбекте табыс тілеймін!

**Ләйлім ДОСЕМБЕКОВА**

ПОЛИЦИЯ КҮНІ

# ТӘРТІП САҚШЫСЫ - ЕЛ ҚОРҒАНЫ

**Қазіргі таңдағы қазақ полициясының бейнесі қандай? Өз басым «кешегі ел қорғаны болған батыр бабаларымыздың, жаужүрек аға-аталарымыздың жалғасы – бүгінгі тәртіп сақшылары» деген тұжырымымды ортаға салсам ағаттық болмас деп ойлаймын. Сол себепті, полиция қызметкерлерінің төл мерекесіне орай тәртіп сақшыларының бір күндік жұмысымен танысып, олардың күнделікті тіршілігін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдім.**




Осылайша, мереке қарсаңында біз АПБ учаскелік инспекторы, полиция капитаны Саят Сүлейменмен кездесіп, маманның жұмыс барысын бақыладық. Иә, бір қарағанда қарапайым көрінетін бұл қызметтің машақаты көп-ақ. Таңның атысымен қызметтік автокөлігін тізгіндеген инспектор бірден аудандық полиция бөліміне бет алды. Сағат тілі 8.00. Аудандық полиция бөлімінде жеке құрам сап түзеп, басшылықтың нұсқауларын мұқият тыңдады. Бұл қатарда біздің кейіпкеріміз Саят та бар. Одан кейін тікелей басшысының кабинетінен Саят бір бума қағаз бен біркатар тапсырма алып шықты. АПБ басшылығы тарапынан түскен тапсырмалардың арасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен азаматшадан түскен арыз да бар. Полицеймен бірге біз арызда көрсетілген мекенжайға барып, аталмыш азаматшадан түсініктеме алған инспектор, мән-жайды анықтап, жауапкершілік туралы ескерту беріп, жолдасымен профилактикалық сұхбат жүргізді. Саяттың айтуынша, мұндай оқиғалар жиі болып тұрады.

***«Отбасылық даулар жиі орын алады, көбіне жұбайлар уақыт өте келе татуласып кетеді. Сондықтан, бұл мәселені шешуде артық кетпеу қажет. Көбіне жолдасын қамауға алғаннан кейін әйелі өзі жүгіріп, оны босатуды сұрайды. Үйдегі проблемаларды жұптардың өздері шешкендері абзал»***, - дейді полиция қызметкері.

Осыдан кейін Саят дереу өзге жұмыстарға кірісті. Мысалы, ол осы күні карантин шараларына байланысты оның алдына сауда және қоғамдық тамақтану нысандарының өкілдерімен профилактикалық жұмыс жүргізу міндеті қойылған болатын. Бұл жұмыс Саятқа таң емес екені байқалады. Ол дүкендерге кіріп, өзін таныстырып, бетперде мен қолғап кию бойынша санитарлық ережелер мен оның қажеттілігін түсіндіріп, сатушылар мен сауда нысандарының иелеріне карантин кезінде жұмыс істеу кестесі туралы түсіндіріп өтті. Осылайша бірқатар шаруаны тындырған кейіпкеріміз өзге жұмыстарына кірісті. Учаскелік инспектордың жұмысы шартты түрде сағат 20.00-ге дейін жалғасады, алайда шұғыл жағдай бола қалған жағдайда түн уақытында да жұмысқа шақыртулар болуы мүмкін.

Саят Сүлейменов учаскелік инспектор қызметіне 2016 жылы келген. Өзі Қаракемер ауылының тумасы. Жас жігіт Алматы қаласындағы ҚР ІІМ академиясын аяқтап, туған ауылына қайтып оралады. Сол кезде оның өмірінде есте қаларлық жағдай орын алған.

***«Бұл оқиға мен Қаракемер ауылына учаскелік инспектор болып тағайындалғаннан кейін 1 айдан соң орын алды. Алғашқы тапсырмам. Ауылда ұрлық болды. Абырой болғанда ізін суытпай мен ұрыны анықтап, оны қамауға алдым. Содан соң оны Қордай ауылына жеткізу қажет болды. Басшылық пен жұмыстағы әріптестерім үнемі нұсқаулық беріп тұрғанымен, мен тәжірибенің аздығынан ұсталған адамға дұрыс тінту жүргізбесем керек. Оны көлікке отырғызып, полиция бөлімшесіне алып бара жатқанымда ол менің тамағыма пышақ кезеді. Осылайша, ол көлікті тоқтатуымды талап етіп, қаша жөнелді. Бірнеше секундтың ішінде зәре құтым қашып, есеңгіреп қалдым. Бірақ, дереу есімді жинап, оны қуа жөнелдім. Оны қуып жетіп, қолынан пышақты қағып жіберіп, жерге құлатып, полиция бөліміне жеткіздім»***, - дейді Саят. Бұл Саят үшін үлкен сабақ болды, қазір ол қызметін тек нұсқаулыққа сай атқарады.

Осылай кейіпкерімізбен әңгімелесіп отырып түс болғанын байқамай қалыппыз. Ал, түстен кейін Саят жазасын өтеп келген азаматтардың жағдайын бақылап кетеді екен. Олар құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен жиі кездесіп тұрады. Кеш батқанға дейін біз бірнеше үйге барып, учаскелік инспектордың әртүрлі адамдармен кездесуінің куәсі болдық. Осы кезде біз полицейдің жұмысы тек қана қылмыскерді ұстау, қамауға алу емес, сонымен қатар психолог пен медиатор жұмысын атқаратынын түсіндік.

Рас, полиция қызметкерлерінің жұмысы қиын-ақ. Дегенмен, олар бұл қызметті Отанға адал қызмет етіп, ел азаматтарының тыныштығын сақтау үшін таңдаған жандар.

**Серғазы МАНАСБАЕВ**

АУЫЛ ТЫНЫСЫ

# КИЕЛІ МЕКЕН КЕЛБЕТІ

**Тоғыз жолдың торабынан орын тепкен Қордайдың келбеті күн өте көркейіп келеді. Ауылдың өткені мен бүгіні жер мен көктей. Мұны байқамаған, аудан орталығында орын алған өзгеріске оң бағасын бермеген жан кемде кем. Бүгінде атқарылған іс алдағы күндері қолға алынатын ауқымды жұмыстардың бір парасы ғана. Қысқасы, облыс аудандары арасында топ бастаған Қордай ауылы бірер жылда республика көлеміндегі рухы биік, еңсесі жоғары елді мекендер қатарынан ойып тұрып орын аларына сенім мол.**







Иә, биыл қордайлықтардың қуанышына орай ауылда ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды іс атқарылды. Ауылішілік жолдар бірінен соң бірі жөнделіп, асфальт төселіп келеді. Тіпті, бұрынсоңды асфальт түгілі тас төселмеген көшелер тегістеліп, төсеніші заманауи құрылыс материалдарымен жаңартылып, жол жиектері ретке келтіріліп жатқанын көргенде таңданысымызды жасыра алмадық. Бұл аз болса оншақты көшенің бойынан тақтайдай түзу жаяу жүргіншілер жолағы түсіп, бордюрлары жаңартылды. Ауылдық округ әкімі Бақыт Сахатовтың айтуынша, алдағы уақытта Қордайдың барлық көшелері жөнделіп, жұмыс мұнымен шектелмейді.

Жаяу жүргіншілер жолағы демекші, күні кеше Төле би, Қазыбек би және әл-Фараби көшелеріне тротуар төселді. Мұнымен іс біткен жоқ. Жақын арада Беріктас көшесіне, Төле би көшесі мен Өтеген көшесінің соңына дейін, Панфилов көшесі, Цемзауыт пен Шөмішке апаратын Центральная көшесіне түгелдей тротуар төселмек. Сондай-ақ, ең бастысы Жібек жолы көшесінің екі жағының тротуары түгелдей жаңартылмақ. Жалпы, ауылда 20 шақырымға жуық жаяу жүргіншілер жолы жөнделіп, салынады. Сонымен қатар, ауылдағы көпқабатты үйлердің аулаларына да асфальт төселіп, тегістеледі.

Бұл аз десеңіз, қоғамдық көлікпен қатынайтын жандардың қамы да басшылықтың жіті назарында. Алдағы уақытта Жібек жолы көшесін бойлай су жаңа 21 аялдама бой көтереді. Бұл да тұрғындарға қолайлы жағдай сыйлап қана қоймай, ыстық және жаңбырлы күндері қалқан болары анық.

Жалпы, Қордайдың жолдары бірсыпыра жөнделді, тротуарлар төселуде. Ендігі кезекте түнгі уақытта жүруге мүмкіндік беретін жарық шамдары орнатылмақ. Бүгіннің өзінде аудан орталығында орнатылған барлық жарық шамдары заманауи, энергия үнемдейтін шамдарға ауыстырылды. Сонымен қатар, қараңғы көшелерді жарықтандыру жұмыстары да қарқынды жүргізіліп келеді. Мәселен, Өтеген көшесі соңына дейін, Болашақ ықшам ауданына қатынайтын жол мен бірқатар ішкі көшелер жарықтандырылды. Ал, Жібек жолы көшесінің бойына 300-ден астам екі жақты заманауи жарық шамдары мен бағаналары орнатылады.

Сонымен қатар, ауданда спорт нысандары көптеп бой көтеруде. Бүгінде жастар жақында орнатылған үш «стрит воркаут» алаңдарына шоғырланады. Сондай-ақ, саябақтардың іші де жөнге келтіріліп, тұрғындардың сүйікті жерлеріне айналды. Жақын арада Қордай ауылында тағы бір спорт кешені бой көтермек. Бұл да көпке қуаныш сыйлайтын жаңалық.

**Еркін ҚАТБЕКОВ**

МӘҢГІЛІК ЕЛ

# БІРЛІК - БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

**Кез келген елдің тілегі де, оның арманы да халқының бейбітшілігін сақтау екені сөзсіз. Қай мемлекет болмасын елінің экономикасын дамытып, халқының қауіпсіздігін нығайту арқылы ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Өйткені, бейбіт өмір бақыт, береке, бірлік әкелумен бірге, өрлеу мен өркендеуге жол ашады. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік – байлық» деп бекер айтпаса керек.**

Бұқара халық әрдайым тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Ал, ұрпақтың амандығы келешектің кемелдігін білдіреді. Өткен тарихқа көз салсақ, адамзат небір сұрапыл соғыстардан көз ашпады. Қаншама елдер соғыс зардабынан құлдырап, азып тозды. Талай жазықсыз жандар сол зұлматтың зардабын шекті. Мұның барлығы бейбітшілік кеткен жерді берекесіздік жайлайтындығын тайға таңба басқандай етіп анық көрсетуде. Бейбітшілікті сақтау, соғыс отын тұтатпау, бейбітшілік үшін күресу қазіргі XXI ғасырдың да ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Содан болар, халықаралық қоғамдастық бейбітшілікті жалпыадамзаттық құндылықтар қатарына қосып отыр. Сауатты да саналы, парасатты елдің ұрпағы өткеніне көз жіберіп, ата-бабасының жолынан сабақ алары ақиқат. Сонысымен тарихын бағамдап, келешегін кемелдей түседі. Біз де өткенімізге үңіле қарайықшы. Қазақ халқы да тағдырдың қатал сынын басынан кешті. Осының салдарынан жер бетінде ұлт ретінде жойылып кету қаупі әлсін-әлсін қайталанды. Соғыстар, көтерілістер, онан қалды ашаршылықтар – мұның барлығы халықтың қырылып, азып-тозуына әкеліп соқты. Әйтсе де, «мың өліп, мың тірілген» бабаларымыз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, еліміз бен жерімізді сыртқы жаулардан азат ету жолында аянбай күресті. Бейбітшілікте, есендікте өмір сүруге ұмтылу – қазақ халқының қанына сіңген асыл қасиеттерінің бірі екені сөзсіз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: ***«Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ, басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды»,*** – деген сөзі кешегі мен бүгінгі тарихымызды ұштастырып тұрғандай. Тіпті, қазақ жеріне табан тигізген әлем саяхатшылары, ғалымдар, дипломаттар естеліктерінде қазақ халқының қонақжай, сабырлы, ежелден бейбітшілік сүйгіш, өз бетінше ешкімге ұрынбаған, соғыс ашпаған ел екенін сүйсіне жазған. Тәуелсіздікке қол жеткен тұстан бері де бұл қасиеттерден айнымаған халқымыз ел егемендігіне де үлесін қосып келеді. Бүгінде азат ел атанған, өзін әлемге бейбітсүйерлігімен мойындата білген Қазақстан жаһандық татулықты сақтау мен нығайту ісіне атсалысуда. ***«Бірлігі бар елдің белін ешкім сындырмас»*** дейді ұлы халқымыз. Расында, халықтың ынтымағы мен ауызбірлігін сақтау әрқашанда маңызды болып қала бермек. Кешегі бабалар өмірі де мұны бізге сабақ етеді. Бала Төле би жасы жүзге келіп отырған Әнет бабамен кездесіп ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме өрбітеді. Төле: ***«Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ?»*** дегенді сұрайды. Сонда Әнет баба әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады. ***– Балам, мынаны сындырып көрші? Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды. – Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп опоңай сындырып береді. Әнет баба: – Бұдан не түсіндің, балам?*** – дейді. Сонда Төле бала: ***– Түсіндім, баба! Бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой,*** – дейді. ***– Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың, ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы,*** – депті Әнет баба. Сонау ықылым заманнан мұсылманшылықты ту еткен халқымыз өмір болмысында татулыққа бекем болған. Дініне берік болып, өзара бөлінбеген, бірігіп ел бола білген. Өкініштісі, қазіргі кезеңде ел ынтымағын бейбіт діннің атын жамыла отырып ыдыратқысы келетіндер де аз емес. Өзіне, отбасына пайдалы болған әрбір жан өзі өмір кешіп жатқан алтын ұясы – отанының бейбітшілігін сақтай түседі. Отанының амандығын қалаған адам әлемнің бейбітшілігін тілері сөзсіз екені ақиқат. Ынтымақ пен бірлік – бақыттың бастауы. Бірлігі жарасқан елдің берекесі артатыны әмбеге аян. Ата-баба арманы болған Мәңгілік Елге айналу ісін жүзеге асыруды мақсаттаған Елбасымыз: ***«Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы»***, деп болашақтың бағытын да айқындап берді. Халқымызда «Ынтымақсыз елді – ұрысы билейді. Ынтымақты елді – дұрысы билейді» деген қанатты сөз бар. Елін ынтымаққа жетелеген Елбасымыздың да арманы – қазақ халқын «Мәңгілік Елге» айналдыру. Әрине, ол оңай шаруа емес екенін бәріміз мойындаймыз. Әйтсе де, «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегендей, баршамыз бір шаңырақ иесіндей жұдырықша жұмылар болсақ, бейбітшілікті әлемге талай паш етеріміз белгілі. Бүгінгі еліміздің бейбітшілігі – біздің ортақ еңбегіміздің нәтижесі ғана емес, келер ұрпаққа өнеге болып қала бермек.

**Г.НҮСПЕКОВА,**
**аудандық қоғамдық кеңестің хатшысы**

БАЙҚАУ

# АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ ҮШ ТІЛДЕ ОРЫНДАЛДЫ




**Абай поэзиясы – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезім-сыры, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп, сезіледі. Абайдың қазақ әдебиеті алдындағы ұлы қызметі оның ұлттық әдебиетте шындық дегеннің не екеніне бірнеше рет көңіл аударып, оны тұңғыш аша білуі деуге болады. Ол - қазақ әдебиетінде әйелдердің тағдырына бірінші көңіл бөлген ақын. Оның кіршіксіз, таза, терең сезіміне үңілді, ананы, даналықты, достыққа берік адал сезімді жырлады. Дана ақынның пайымынша, адамшылықтың мұратына жетудің негізгі құралы - шығармашылық ойлау.**

Қордай ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен 17 маусым күні орталық саябақта ашық аспан даласында Абай шығармаларының аудармаларын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде орындаудан «Хакім Абай» атты аудандық байқауы өтті.

Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, данышпан ақын, ойшыл, дана ғұламаларының бірі, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі тұлғасы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған бұл байқауға Қаракемер, Сарыбұлақ, Жамбыл, Сортөбе және Қордай ауылдарынан барлығы он үміткер қатысып, Абай шығармаларын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орындады. Ал, білім саласының ардагері, ағарту ісінің үздігі, ағылшын тілінің оқытушы әдіскері атағының иегері, байқау төрайымы В.Сысоева, Қордай гуманитарлы-экономикалық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қ.Сегізбаева мен Қордай гуманитарлы-экономикалық колледжінің орыс тілі пәнінің мұғалімі Л.Карповадан құралған қазылар алқасы осы байқау қатысушыларына әділ бағасын беріп отырды. Сонымен үш кезеңге бөлініп өткізілген байқаудың нәтижесі бойынша I дәрежелі дипломмен №1 Д.Қонаев атындағы мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Солтанай, II дәрежелі дипломмен №31 Сарыбұлақ орта мектебінің орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Закирова үздік деп танылса, қалған үміткерлер бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**А.ҚЫЛЫШБЕКОВА,**
**Қордай ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы**

## ҚОРДАЙ АУДАНЫНДАҒЫ АУҚАТТЫ, МАСАНЧИ ЖӘНЕ АЛҒА АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

| Р/б № | Тегі, аты, әкесінің аты | Туған күні, айы және жылы | Ұлты | Білімі, мамандығы | Жұмыс орны, лауазымы | Тұрғылықты жері, мекенжайы | Партияға мүшелігі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | Ауқатты ауылдық округі | | | |
| 1 | Манкеев Бірлік Орымбайұлы | 01.12.1986 | қазақ | Жоғары, әлеуметті жұмыс | Қордай ауданы әкімінің бас инспекторы | Қордай ауылы Болашақ көшесі, №59 | «Nur Otan» Партиясы |
| | | | | Масанчи ауылдық округі | | | |
| 2 | Малиев Рамазан Омарович | 06.03.1960 | дүнген | Жоғары, инженер-механигі | Жұмыссыз | Масанчи ауылы Мәңгілік ел көшесі, №96 | Көрсетілме ген |
| | | | | Алға ауылдық округі | | | |
| 3 | Абильдаев Берік Еркінұлы | 17.02.1986 | қазақ | Жоғары, қаржыгер | Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары | Қаракемер ауылы Өтеген көшесі, №2 | «Nur Otan» Партиясы |

**Қордай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы** **А.СЫРЛЫБАЕВ**

## АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАР НАЗАРЫНА

Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 2020 жылдың 1 тоқсаны атаулы әлеуметтік көмегінің автоматты түрде созылуының аяқталғанын хабарлайды.

Осыған байланысты үстіміздегі жылдың 3-ші тоқсанына АӘК-ке өтініштеріңізді электронды үкімет порталы, жұмыспен қамту орталығы және ауылдық округ әкімдіктері арқылы тапсыру қажет екенін ескертеміз.

Жұмыспен қамту орталықтарында және ауылдық округ әкімдіктерінде кезектерді болдырмау мақсатында, 3-ші тоқсанға АӘК-ке құжаттарды тапсыру үшін алдын ала жазылуларыңызды сұраймыз.

Барлық сұрақтар бойынша Қордай ауылы, Белашов көшесі, №3 мекенжайында орналасқан жұмыспен қамту орталығына немесе 4-86-88 телефоны арқылы қайырылуға болады.

**А.ЗАУРБАЕВА, бөлім басшысы**

**ЖОБА**

*Қордай ауылы*

**Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын және (немесе) маршруттарын айқындау және бекіту туралы**

Аудан аумағындағы кездейсоқ сауда орындарын алдын алу мақсатында, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 8, 12 баптарын басшылыққа ала отырып, Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда қызметін реттеу үшін стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Күзербаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі** **Р.ДӘУЛЕТ**

*Қордай ауданы әкімдігінің 2020 жылғы «  » маусымдағы қаулысы жобасына қосымша №________*

**ҚОРДАЙ АУДАНЫНЫҢ СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН АРНАЛҒАН ОРЫНДАР**

| № | Ауылдық округ атауы | Сауда жасауға рұқсат берілген жер |
|---|---|---|
| 1 | Қордай | Қордай ауылы, Төле би көшесі «Бауырхан» базары, Қордай ауылы, Төле би көшесі «Үсен ұлы» базары, Қордай ауылы, Манас көшесі №33 «Барыс-2» базары, Қордай ауылы, Жібек жолы көшесінің бойындағы «Дастай ата» базары |
| 2 | Ноғайбай | Ноғайбай ауылы, Б.Момышұлы көшесі, №18 мекен жайының аумағы |
| 3 | Алға | Алға ауылы, Ж.Алдабергенов көшесі, №63 үйдің маңы |
| 4 | Кенен | Кенен ауылы, Орталық көшесінің бойы |
| 5 | Отар | Отар ауылы, «Береке» базары |
| 6 | Үлкен Сұлутөр | Үлкен Сұлутөр ауылы, Жібек жолы мен Д.Қонаев көшесінің қиылысындағы «Әлия» дүкенінің маңы |
| 7 | Сұлутөр | Сұлутөр ауылы, Жамбыл көшесіндегі «Айбар» дүкенінің маңы |
| 8 | Қасық | Әлжан ана ауылы, Н.Тлеубай көшесі мен Мичурина көшесінің қиылысының сол жағы |
| 9 | Степное | Степное ауылы, Тамаша көшесінің бойы |
| 10 | Жамбыл | Жамбыл ауылы, Бірлік көшесінің бойы |
| 11 | Бетқайнар | Бетқайнар ауылы, Төле би мен Жеңіс көшенің қиылысындағы «Қуаныш», «Айдана» дүкендерінің маңы |
| 12 | Қақпатас | Қақпатас ауылы, Қонаев көшесіндегі «Жұбатхан» дүкенінің маңы |
| 13 | Сарыбұлақ | Сарыбұлақ ауылы, Тайчибеков көшесі, Мәдениет үйінің қарама-қарсы беті. Қайнар ауылы, Ұшқоңыр көшесіне кіреберістің сол жағы |
| 14 | Қарасу | Қарасу ауылы, Нұрлы жол көшесі №3а |
| 15 | Ауқатты | Ауқатты ауылы, Абай көшесінің бойындағы «Әлия» дүкені мен №9 орта мектептің ортасындағы бос алаңша және Ауқатты ауылына кіреберістегі Тікжол көшесінің батыс жағында орналасқан ветеринариялық пункт пен техникалық қызмет көрсету стансасының (ТЖО) ортасындағы бос алаңша |
| 16 | Сортөбе Булар батыр ауылы | Бұлыр батыр ауылы, Өркениет көшесі №62. Сортөбе ауылы, Алтын Орда көшесі 143а. Сортөбе ауылы, Биянху көшесі «Биянху» көкөніс базары маңы. Сортөбе ауылы, Алтын орда көшесіндегі мал базары маңы. Сортөбе ауылы, Алтын орда мен Шиваза көшесінің қиылысы. |
| 17 | Масанчи | Масанчи ауылы, Мәңгілік ел көшесі №13 бойында орналасқан кіші базар |
| 18 | Қаракемер | Қаракемер ауылы, Аймаш Баямбаев көшесі №2А мекен жайының аумағында. Қарасай батыр жолының қиылысында. |
| 19 | Қарасай | Қарасай батыр ауылы, Ж. Сураубаев көшесіндегі «Алтынай» дүкенімен №100 үйдің ортасындағы бос алаңша |

### ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

# ҚАУІПСІЗ ЕГІН ОРАҒЫ

**Алқаптардағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында егін орағы мен жем-шөп дайындау науқанын жүргізу барысында өрт қауіпсіздігі ережелері қатаң сақталуы тиіс. Ол үшін төмендегі қауіпсіздік ережелері мен сақтық шараларын ұстану қажет:**

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының басшылары, жауапты жұмысшылар, кәсіпкерлер, сондай-ақ егін жинау, сақтау және өңдеуге жұмылдырылған азаматтар өрт қауіпсіздігінің талаптарын сақтауы тиіс;
- егін жинау кезеңінің алдында науқанға қатысатын барлық адамдар өртке қарсы нұсқаулықтан өтіп, ауыл шаруашылығы техникалары мен автомобильдер алқапты өрт сөндіру құралдарымен (комбайндардың барлық түрлері мен тракторлар – екі өрт сөндіргішпен, екі күрек және екі сыпырғышпен), жарамды ұшқын сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс және техниканың оталдыру жүйе майлау тетіктері дұрыс жұмыс істеуі керек;
- астық алқаптарының орман және шымтезекті алқаптармен, дала жолағымен, тас және темір жолдармен шектесетін аумағының шөбі шабылып, ені 4 метрден кем емес жолақпен жыртылуы тиіс;
- астық жинау алқаптарының ауданы 50 га артық учаскелерге бөлініп, учаскелердің арасын 8 метрден кем болмайтын алымдарға бөлінуі тиіс;
- Алқапқа жақын жерден өрт шыққан жағдайда жану аймағын соқамен жырту үшін трактор дайын болуы қажет. Сондай-ақ, егін орылған жерлерде от жағуға рұқсат етілмейді.

Дәнді дақылдарды жинау және мал азығын дайындау кезінде капоттары жоқ немесе ашық капотты тракторлардың, өзі жүретін шасси және автокөліктердің жұмыс істеуіне, дәнекерлейтін шамды пайдалануға, автокөліктерге дала алқаптарында және түнгі уақытта жанармай құюға қатаң тыйым салынады.

Техника қозғалтқыштарының радиаторлары мен өзге тетіктері, шөпжинағыш, іріктеуіш сынды тораптары мен жинау машиналарының бөлшектері шаңнан, сабаннан және дәндерден дер кезінде тазартылып тұруы қажет.

Жиналған шөп маяларының жоғары бөлігі мен қатарлары электр сымдарынан кемінде 15 метрге, жолдардан 20 метрге, ал ғимараттар мен құрылыстардан 50 метрге алшақ орналасуы қажет.

Маяларды орналастыру алаңдарының айналасы кемінде 4 метрлік жолақтармен жыртылуы тиіс. Жолақ шетінен маяға дейінгі арақашықтық сынды өзге де қауіпсіздік шаралары сақталуы керек.

Ең бастысы, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында егін жинау науқаны барысында өрт сөндіруге бейімделген қосымша кезекші техника мен білікті жұмысшылар міндетті түрде болуы тиіс.

**Ғ.БАЕКЕНОВ, Қордай аудандық ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау подполковнигі**

# КӨЛІКТЕРДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Көліктердің жүру жиілігі мен жылдамдығының өсуі жол-көлік оқиғаларының орын алуына, адам өлімі мен материалдық шығынның артуына әкеліп соғады.

Автокөліктердің пайдалану тиімділігін арттыру оның қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Оларды пайдаланудағы қауіпсіздікті арттырудың ең маңызды элементтерінің бірі, оның өртке қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз етуде екенін ескертеміз.

Жалпы, автокөліктерде болған өрттердің салдары ауыр апаттарға, адам өлімі мен техникалардың істен шығуына әкеліп соғады. Сондықтан, автокөліктердің өрт қауіпсіздігін арттыру үшін олардың алғашқы өрт сөндіру құралдарымен жабдықтау қажет.

Ол үшін төмендегі өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған жөн:

- автокөліктердің механизмдері мен тораптарының дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз;
- аккумуляторларды көлік құралдарында ғана пайдаланған абзал, оны үй жайларда қолдануға тыйым салынады;
- автокөлік тұрағы немесе гараж бөлмесінде жанатын материалдардан жасалған үй жиһаздары мен бұйымдарын не болмаса жанғыш сұйықтықтар мен тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтамаңыздар;
- автокөлік тұрағы немесе гараж бөлмесінде темекі шекпеңіз;
- өрт дерегі орын алған жағдайда, жүргізуші тез арада автокөлікті тоқтатып, қозғалтқышын өшіріп, аккумулятор батереясын ажыратып, жолаушыларды қауіпсіз жерге шығарып, «101», «112» телефон номеріне қоңырау шалып, сол арада өртті алғашқы өрт сөндіру құралымен сөндіруге тырысуы қажет.

Автокөліктерде болған өрттерді талдау нәтижесінде өрттердің шығуының басты себебі автомобильдердің электр тізбектеріндегі ақаудың салдарынан болғандығы анықталды. Егер де автокөліктердің тетіктерінің ақаулары байқалған жағдайда оны тез арада жөндеу керек. Көліктердің электр тізбектерінде тек зауыттық үлгідегі қорғаныш қондырғыларын ғана пайдаланыңыз.

**Ж.БЕКІБАЕВ, Қордай аудандық ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау майоры**

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2020 жылғы 09 шілде үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсетуге арналған 24 жер учаскесін сату бойынша АУКЦИОН өткізеді. Сауда өткізілетін уақыт: сағат 16:00 Аукцион өткізілетін мекен-жай: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі, 201 – аудандық Мәдениет үйі.

**АУКЦИОННЫҢ ӨТКІЗІЛУ ШАРТЫ:**

Сауда- саттықтын ағылшындық әдісінде аукционшы нысанның бастапқы және көтерілген бағасын жариялайды. Қатысушылар нөмірді көтеру арқылы бастапқы бағасын жоғарылатады, бірақ, ол жарияланған бағадан кем болмауы керек. Аукционшы объект бойынша аукционға қатысушылардың аукциондық нөмірлерін хабарлайды, бағаны бекітеді және оны өсіруді ұсынады. Аукционшы объект үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған қатысушыны хабарлайды. Аукционшы объектінің соңғы бағасын үш рет қайталайды және басқа көтерілген аукциондық нөмірлер болмаған кезде балға соғу арқылы аталған объектінің сатылғаны туралы хабарлайды.

**ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН САТУ ШАРТЫ:** нысанаға байланысты пайдалану, игеру шартын тұжырымдау, объектінің жобасын алу үшін сәулеттік жобалау тапсырмасын алу, сервитутты белгілеу, уақтылы жер салығын төлеу. Саудада анықталған жер учаскесінің құны сауда-саттықтын шартына қол қойылғаннан соң 5 банкі күннен кешікпей 50% көлемінде аванс ретінде төленеді, қалған сомасы 30 күнтізбелік күннен кешікпей сауда-саттықтың шартына қол қойылған күннен бастап төленуі тиіс. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна сауда-саттық объектісінің ең төменгі бағасының бес пайызын құрайды, бірақ елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек. Бұл ретте, кепілдік жарна сауда-саттық объектілерінің әрқайсысы бойынша бөлек енгізіледі. Осы аукцион бойынша әр бір нысан үшін кепілдік жарна мөлшері – 132 550 (бір жүз отыз екі мың бес жүз елу) теңге.

Кепілдік жарна «Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің төмендегі депозиттік есеп шотына аударылады: БСК-KKMFK2A, БИК KZ 270705034631751006, БСН 060240005305, ТТК 171, КБЕ 12 Қордай Қазынашылық басқармасы, Қордай ауылы

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін төмендегідей құжаттар қажет: 1.Сауда-саттыққа қатысу өтініші. 2. Жеке тұлғаны куәландыратын құжат. 3. Сауда-саттыққа қатысушысының кепілдік жарнаны «электрондық үкімет» төлем шлюзы арқылы төлеген жағдайды қоспағанда, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжаты. 4. Өкілдің өкілеттігін растайтын құжат. 5. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары нотариалдық кеңседе куәландырылған жарғының, заңды тұлғаның тіркелуі жөніндегі куәліктің көшірмесін қосымша тапсырады. 6. Электрондық өтініш берілген жағдайда, төлем құжаты мен өкілдің өкілеттігін растайтын құжаты электрондық көшірмелері нысанында беріледі.

**Аукционға қатысушыларды қабылдау және тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады. Мекен-жайы: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Өтеген көшесі, 121 «Б», Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қаралмайды.**

**Аукционға қатысушыларды тіркеу 2020 жылдың 09 шілде аукцион басталуына дейін бір сағат бұрын мына мекен-жайда жүргізіледі: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Жібек жолы көшесі, 201 – аудандық Мәдениет үйі.**

**Аукционға қатысу тәртібі бойынша қосымша ақпараттарды 8 (72636) 4-92-79, 4-92-77, телефондары арқылы білуге болады.**

### Аудан бойынша сауда-саттықта (аукционда) сатуға ұсынылатын жер учаскелерінің ТІЗБЕСІ

| № | Жер учаскелерінің лоттық нөмірі | Жер учаскесінің орналасуы | Жер учаскесінің нысаналы мақсаты | Жер учаскесінің көлемі га / шаршы метр, кадастырлық (бағалау) құны, жер салығы төлемінің көлемі | Пайдалану құқығының түрі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| **Қаракемер ауылдық округі бойынша** | | | | | |
| 1 | 1-лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 2 | 2-лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 3 | 3-лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 4 | 4-лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 5 | 5-лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 6 | 6-лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 7 | 7 - лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 8 | 8 - лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 9 | 9 - лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 10 | 10 - лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 11 | 11 – лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 12 | 12 – лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 13 | 13 – лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 14 | 14 – лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 15 | 15 – лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| 16 | 16 – лот | Қаракемер ауылы Д.Қонаев көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,10 га/1000 ш.м. 206 000 теңге салық төлемі 720 теңге | Жеке меншік |
| **Қақпатас ауылдық округі бойынша** | | | | | |
| 17 | 17 – лот | Қақпатас а/о жерінен | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 1,15 га/11500 ш.м. 142 140 теңге салық төлемі 8280 теңге | Жалдау құқығын 3 жыл мерзімге сатып алу |
| **Сарыбұлақ ауылдық округі бойынша** | | | | | |
| 18 | 18 – лот | Сарыбұлақ ауылдық округі жерінен | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 1,2 га/12000 ш.м. 2 820 000 теңге салық төлемі 8640 теңге | Жеке меншік |
| 19 | 19 – лот | Сарыбұлақ ауылдық округі, Сарыбұлақ ауылы Қордай – Шу тас жолының бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,24 га/2400 ш.м. 564 000 теңге салық төлемі 1728 теңге | Жеке меншік |
| **Қордай ауылдық округі бойынша** | | | | | |
| 20 | 20 – лот | Қордай ауылынан, Болашақ ықшам ауданы | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,5930 га/ 5930 ш.м. 1 743 420 теңге салық төлемі 4270 теңге | Жеке меншік |
| 21 | 21 – лот | Қордай ауылынан, Жеңістің 50 жылдығы көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,0400 га/400 ш.м. 117 600 теңге салық төлемі 288 теңге | Жеке меншік |
| **Қарасу ауылдық округі бойынша** | | | | | |
| 22 | 22 – лот | Қарасу ауылдық округі, Өтеген ауылы, Жастар көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,0588 га/588 ш.м. 121 128 теңге салық төлемі 423 теңге | Жеке меншік |
| 23 | 23 – лот | Қарасу ауылдық округінің жерінен, Пушкин көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,61 га/6100 ш.м. 1 433 500 теңге салық төлемі 4392 теңге | Жеке меншік |
| **Масанчи ауылдық округі бойынша** | | | | | |
| 24 | 24 – лот | Масанчи ауылдық округі, Күнбатыс-1 ауылы, Жіңішке көшесінің бойынан | Үй-жайларға (құрылыстар мен ғимараттарға) қызмет көрсету үшін | 0,0944 га/944 ш.м. 138 768 теңге салық төлемі 680 теңге | Жеке меншік |
| | **Барлығы: 24 лот 24 жер телімі** | | | **5,5862 га 10 376 556 тг** | |


Артық салмақтан арылу ниетіңіз бар ма?

**Сіздерді «Сібір денсаулығы» SIBERIAN WELLNESS Қордай қызмет көрсету орталығына шақырамыз**




Кәсіби түрде детокспен айналысамыз, күнделікті өмірге дұрыс әдеттерді енгіземіз, жеңілдік, жайлылық және жан жарасымына жетеміз.

**Бағдарлама аясында:**

-нутрициолог дәрігердің кеңесі тегін

Денсаулық пен әдеттерді есепке ала отырып, ағзаны тазалауға арналған жеке бағдарламаны әзірлеу.

Сымбатты мүсінді сақтау үшін қатаң шектеусіз кеңес пен ұсыныстар.

**Біздің мекенжай: Қордай а.,Төле би к., 60/б.**
**(АОА қабылдау бөлімшесіне қарама-қарсы)**
**What's app: +7702 65 40 625, +77770293858**
**siberianwellness_kordai**
**ТАПСЫРЫС10 МЫҢ ТЕҢГЕДЕН АСҚАН ЖАҒДАЙДА ҚОДАЙ АУЫЛЫ БОЙЫНША ЖЕТКІЗУ ТЕГІН.**







**SIBERIAN WELLNESS**
**Адамдарға арналған**
**Нағыз табиғат**
**Нағыз ғылым**

**«МЕРЕЙ» жиһаз дүкені**
**Кең талғамда жұмсақ жиһаз, жатын бөлме жиынтығы, үстелдер, орындықтар, шкафтар, кіре беріс жиһазы, ас үй бұрыш жиһазы. Маусым айының соңына дейін пайызсыз 12 айға бөліп төлеу акциясы.**
**Полиция жанында.**
**Тел.: 5-03-46, 87024638593.**

**ENGLISH ENGLISH**
Әркім ағылшын тілін білуге міндетті және біле алады
Бұл істе сізге білікті оқытушы көмектесе алады
• Ағылшын тілі оқушылар мен ересектер үшін
• 0-ден ADVANCED-ке дейін барлық деңгейлер
• әр оқушыға жеке көңіл бөлу
• Британ әдісімен ағылшын тілін үйрен.
Бүкіл әлем ағылшын тілінде сөйлейді! Сен де қосыл!
**Тел.: 87754707547 Айгүл**

**Голландиялық тұқымдар**
**ауылшаруашылық химикаттар**
**Кешендік тыңайтқыштар**
**Селитра**
**әлемдік өндірушілерден көтерме бағамен сатады**



**Пияз**
**Қызанақтар**
**Орамжапырақ**
**Қияр**
**Қызылша**
**Тұрып, қарбыз, шалғам**
**Жүгері**
**Жоңышқа**

**«GR-Агро» ЖШС**
**Қордай а.**
**Подгорная к., 4 А**
**Тел.: 8 (72636) 5 44 44**
**Ұялы: 8 775 20 5 44 44**
**+(996) 557 89 99 91**
**www.gr-agro.kz**
**gr-agro@bk.ru**

## ТУҒАН ЖЕР

# Қасиетті мекен - Қаракемер




ДИРЕКТОР-БАС РЕДАКТОР
Шолпан САБАНОВА

Газет 2012 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 12895-Г куәлік берілген

Бас редактордың орынбасары
Әлібек ОСПАНОВ

Жауапты хатшы
Жандос ОМАРОВ

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМ:
Гаухар ЖҰМАБАЕВА
бас бухгалтер

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қордай шамшырағы - Кордайский маяк» аудандық қоғамдық-саяси газеті» ЖШС

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдіруі міндетті емес

Жарнама мен хабарландырулардың мәтіні тіліне жарнама беруші жауапты

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз басып көшіруге болмайды

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды және авторлар қолжазбасы өңделеді

Көлемі 3 компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды

Кейбір суреттер интернет сайттарынан алынды

Ⓐ материалдың ақысы төленген

р/с KZ826010161000015589 БИК HSBKKZKX
МЕКЕНЖАЙЫ: Қордай ауылы, Төле би көшесі,70.
Тел.: редактор, редактордың орынбасары: 4-51-63,
жауапты хатшы және факс: 2-13-98,
бухгалтерия: 2-27-08, тілшілер 4-51-62,
e-mail: mayak1932@mail.ru, сайт: mayak1932.kz

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет шығады: СӘРСЕНБІ, СЕНБІ

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Таралымы: барлығы - 9000 экз., қазақша - 4185 экз., орысша - 4815 экз.

«КИИК» ЖШС баспаханасында басылды: Қордай а., Төле би к.,106.